Empirical data from the Turkish Ministry of Trade indicate that the largest increase in consumer complaints falls on the segments of remote contracts, online marketplaces and digital services, including subscription models and electronic mediation platforms [13]. A significant part of the appeals is associated with a violation of the information duties of sellers, opaque terms of refusal of the contract, as well as problems of returning funds. These factors indicate that the digital environment increases the asymmetry of information and reduces the real ability of the consumer to assess the legal consequences of his actions, which is consistent with the findings of comparative studies on EU law [8].

The specifics of the development of these trends in Turkey also lie in the institutional architecture of consumer protection. Despite the presence of specialized bodies and procedures for dealing with consumer disputes, the protection system is largely focused on reactive mechanisms involving intervention after the occurrence of a violation. At the same time, preventive tools aimed at preventing unfair digital practices are at the stage of formation and do not always have sufficient regulatory power. This distinguishes the Turkish model from EU law and order, where the emphasis is shifted towards early identification of risks and administrative supervision of digital commercial practices [9; 10].

An additional factor of consumer vulnerability in Turkey is the high concentration of digital markets and the dominance of large online platforms, which objectively limits the ability of the individual consumer to influence the terms of service. In the absence of developed collective protection mechanisms and effective collective claim instruments, this increases the consumer's dependence on platform operators and reduces the preventive potential of legal regulation. The scientific literature emphasizes that it is in the conditions of the platform economy that the recognition of the consumer as a vulnerable subject of law should serve as the basis for expanding public law intervention and strengthening the supervisory functions of the state [7].

At the same time, it should be noted that Turkish legislation demonstrates a progressive movement towards rapprochement with the best European practices. Digital complaint channels are being developed, electronic systems for monitoring consumer complaints are being introduced, and attempts are being made to adapt regulatory requirements to the specifics of e-commerce. However, these measures are predominantly fragmented and do not yet form a holistic preventive model for protecting vulnerable consumers, comparable to the systemic approach enshrined in the law of the European Union for the digital economy [8; 11].

Thus, the development of digital consumer relations in Turkey is accompanied by a deepening of consumer vulnerability, which is manifested in an increase in complaints, increased information asymmetry and limited effectiveness of preventive protection mechanisms. This confirms the conclusion that it is necessary to further evolve the Turkish model of consumer protection towards normative consolidation of the concept of vulnerability, expanding administrative supervision of digital practices and borrowing systemic solutions developed in EU law.

The inclusion of empirical evidence in the discussion of the results leads to the conclusion that the recognition of the consumer as a vulnerable subject of law is not only theoretical, but also practical. The effectiveness of consumer protection is determined by a combination of regulatory safeguards, institutional mechanisms and legal awareness. The results obtained confirm that the recognition of consumer vulnerability does not limit market freedom, but, on the contrary, contributes to the formation of fair, transparent and predictable economic relations [7].

### *Conclusion*

The study made it possible to justify that in the context of globalization, digitalization of the economy and the transformation of consumer markets, the legal status of the consumer is undergoing significant changes. The consumer increasingly acts not as a formally equal party to contractual relations, but as a vulnerable legal entity in need of special regulatory and institutional guarantees. This conclusion is confirmed both by the development of international consumer protection standards and the evolution of national legal order, including the Turkish legal system.

An analysis of international standards showed that in documents of the United Nations, the European Union and the Organization for Economic Cooperation and Development, the concept of consumer vulnerability serves as a theoretical and regulatory basis for moving away from the principle of formal equality of parties and for strengthening public legal regulatory mechanisms. International practice demonstrates a shift in focus from reactive protection of violated rights to preventive measures aimed at preventing unfair commercial practices, reducing information asymmetry and ensuring the real availability of legal protection.

Comparative legal analysis revealed that the Turkish model of legal protection of consumers is largely harmonized with international and European standards and contains a developed set of material and procedural guarantees. At the same time, it was established that the recognition of the consumer as a vulnerable subject of law in Turkish law is mainly of an implicit and functional nature. This limits the potential for preventive regulation and reduces the effectiveness of consumer protection, especially in the digital economy and platform markets.

The inclusion of empirical data in the analysis confirmed that the rise in consumer complaints, particularly in e-commerce and digital services, is an objective indicator of increased consumer vulnerability. Empirical evidence suggests that the presence of formally enshrined rights does not guarantee their effective implementation without developed institutional mechanisms, accessible dispute resolution procedures and a sufficient level of legal and digital literacy. In this context, the Turkish experience demonstrates common problems for many states related to the adaptation of traditional protection mechanisms to digital forms of consumption.

The scientific novelty of the article lies in the complex theoretical and legal and comparative legal understanding of the consumer as a vulnerable subject of law based on the material of international standards and the Turkish model of legal protection. The work substantiates that consumer vulnerability is not an exception to the general principle of equality of parties, but an independent legal category that requires regulatory consolidation and institutional support. The novelty also lies in the integration of empirical data into the discussion of legal conclusions, which made it possible to confirm the practical

significance of the concept of vulnerability and to identify the gap between formal regulation and the actual realization of consumer rights.

The consumer in modern economic conditions is objectively a vulnerable subject of law due to information, economic and technological asymmetry.

International consumer protection standards are consistently developing in the direction of strengthening public legal and preventive protection mechanisms.

The Turkish consumer protection model generally complies with international standards, but needs further evolution in terms of normative consolidation of the concept of vulnerability and expansion of preventive regulatory instruments.

Empirical evidence confirms that digitalization increases consumer vulnerability and requires adaptation of traditional legal protection mechanisms.

Recognition of the consumer as a vulnerable subject of law does not limit market freedom, but contributes to the formation of fair, transparent and sustainable consumer relations.

Further development of consumer legal protection should be based on an integrated approach that combines the normative consolidation of the concept of vulnerability, institutional strengthening of supervision and increasing the availability of legal protection, which is in line with modern international trends and the needs of the digital economy.

#### References:

1 *Guidelines for Consumer Protection: Resolution adopted by the General Assembly on 22 December 2015.* — New York: United Nations, 2016. — 40 p.

2 *OECD. Consumer Policy and Fraud.* — Paris: OECD Publishing, 2020. — 112 p.

3 *European Commission. Consumer Conditions Scoreboard 2023.* — Brussels: European Union, 2023. — 84 p.

4 *Howells G., Ramsay I., Wilhelmsson T. Consumer Law and Consumer Behaviour.* — Cheltenham: Edward Elgar Publishing, 2018. — 352 p.

5 *Micklitz H.-W. The Politics of Consumer Rights.* — Cambridge: Cambridge University Press, 2019. — 286 p.

6 *Atamer Y. Consumer Protection Law in Turkey.* — Alphen aan den Rijn: Kluwer Law International, 2019. — 310 p.

7 *Wilhelmsson T. Social Justice in Consumer Law.* — Oxford: Oxford University Press, 2017. — 214 p.

8 *Trzaskowski J. EU Consumer Law and the Digital Economy.* — Oxford: Hart Publishing, 2020. — 278 p.

9 *Directive 2011/83/EU of the European Parliament and of the Council of 25 October 2011 on consumer rights // Official Journal of the European Union.* — 2011. — L 304. — P. 64–88.

10 *Directive 2005/29/EC of the European Parliament and of the Council of 11 May 2005 concerning unfair business-to-consumer commercial practices // Official Journal of the European Union.* — 2005. — L 149. — P. 22–39.

11 *Loos M. The Modernisation of European Consumer Law.* — Amsterdam: Amsterdam University Press, 2021. — 245 p.

12 *Cafaggi F., Micklitz H.-W. New Frontiers of Consumer Protection.* — Cambridge: Cambridge University Press, 2020. — 334 p.

13 *Republic of Turkey. Ministry of Trade. Consumer Protection Report 2022.* — Ankara: Ministry of Trade, 2022. — 96 p.

14 *Turkish Statistical Institute (TurkStat). Consumer Complaints Statistics 2023.* — Ankara: TurkStat, 2023. — 58 p.

15 *Weatherill S. EU Consumer Law and Policy.* — Oxford: Oxford University Press, 2018. — 398 p.

16 *Reich N., Micklitz H.-W., Rott P. European Consumer Law.* — Antwerp : Intersentia, 2021. — 412 p.

17 *Benöhr I. EU Consumer Law and Human Rights.* — Oxford: Oxford University Press, 2019. — 263 p. *Rose-Ackerman S., Palifka B. Corruption and Government: Causes, Consequences, and Reform // Journal of Democracy.* — 2016. — Vol. 27, No. 4. — P. 127–141.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС.  
КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА  
УГОЛОВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС.  
КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА  
CRIMINAL LAW AND PROCESS. CRIMINOLOGY. FORENSICS**

ГТАХР 10.79.01  
ӘОЖ 343.13

<https://doi.org/10.51889/2959-6181.2026.83.1.007>

С.К. Алибеков<sup>1\*</sup> , Г.К. Бақытжанова<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті

<sup>2</sup>Жүсіп Баласағұни атындағы Қырғыз Ұлттық Университеті  
(e-mail: \*serikkali.alibekov@yu.edu.kz, gulazhar@mail.ru)

**СУДЬЯ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ «ПРОЦЕСТІК ЕМЕС БАЙЛАНЫСТЫ»  
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақала Қазақстан Республикасындағы судьялардың «процестік емес байланыстарын» құқықтық тұрғыдан реттеу мәселелерін талдауға арналған. Судьялар әдебіне және процестік заңнамаға өзгерістер енгізулердің қажеттілігі айқындалып, негізделген. Жүзеге асырылған зерттеудің негізінде олардың соттан тыс қызметін өнегелік-құқықтық реттеуге бақылауды күшейту мақсатында судьяның процестік болып табылмайтын қызметінің сипатын өзгерту ұсынылады. Судьялардың кәсіби қызметінің өрісінде, сондай-ақ өзге де қызметтерінде «процестік емес байланыстар» институтын түсінуге қатысты бірқатар өзекті сұрақтардың туындауы берілген мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеуге деген қажеттілікті туындатып отыр.

Қазақстан Республикасы Конституциясында, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңында, Судья әдебі кодексінде бекітілген ережелерді талдауды мақаланың басты мақсаты ретінде айқындай отырып, авторлар «процестік емес байланыстар» ұғымын терең талдауды негізгі міндет ретінде қарастырды. «Процестік емес байланыстар» институтының ұйымдық-құқықтық мәнін, оның қолданыстағы заңнамадағы орнын айқындау және аталған қызметтің өнегелік-құқықтық реттелуінің олқы тұстарын ашып, оларды жетілдіру міндеттері қойылып отыр.

**Түйін сөздер:** судья, процестік емес байланыстар, өнегелік-құқықтық реттеу, судья әдебі кодексі, заңнама мәселелері.

Алибеков С.К.<sup>1</sup>, Бақытжанова Г.К.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Каспийский университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова

<sup>2</sup>Кыргызский Национальный Университет имени Ж.Баласагына  
(e-mail: serikkali.alibekov@yu.edu.kz, gulazhar@mail.ru)

**ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ НЕПРОЦЕССУАЛЬНОЙ  
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУДЬИ**

*Аннотация*

В данной научной статье рассмотрены вопросы правового регулирования непроцессуальной деятельности судей в Республике Казахстан. Определена и обоснована необходимость внесения изменений в Кодекс судейской этики и процессуальное законодательство. На основании

проведенного исследования рекомендуется изменить характер внепроцессуальной деятельности судей в целях усиления контроля за нравственно-правовым регулированием их внесудебной деятельности. Рассмотрение актуальных вопросов, связанных с толкованием института «непроцессуальных отношений» в области профессиональной деятельности судей, а также деятельности в других сферах обусловлено необходимостью изучения данного вопроса с научной точки зрения.

Основной целью статьи является анализ положений, закрепленных в Конституции Республики Казахстан, Конституционном законе «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан», Кодексе судейской этики, углубленный анализ понятия «непроцессуальные отношения». В исследовании решены задачи по определению организационно-правового значения института «непроцессуальные отношения», его места в действующем законодательстве, выявлению пробелов в нравственно-правовом регулировании указанной деятельности и их совершенствованию.

**Ключевые слова:** судья, непроцессуальные отношения, нравственно-правовое регулирование, кодекс судейской этики, вопросы законодательства.

*S.K. Alibekov<sup>1</sup>, G.K. Bakytzhanova<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yesenov*

*<sup>2</sup>Kyrgyz National University named after J. Balasagyn  
(e-mail: serikkali.alibekov@yu.edu.kz, gulazhar@mail.ru)*

## **PROBLEMS OF LEGAL REGULATION OF NON-PROCEDURAL ACTIVITIES OF JUDGES**

### *Abstract*

This scientific article examines the issues of moral and legal regulation of non-procedural activities of judges in the Republic of Kazakhstan. The need to amend the Code of Judicial Ethics and procedural legislation is identified and justified. Based on the study, it is recommended to change the nature of the extra-procedural activities of judges in order to strengthen control over the moral and legal regulation of their extra-judicial activities. The emergence of a number of pressing issues related to the interpretation of the institution of “non-procedural relations” in the field of professional activity of judges, as well as activities in other areas, gives rise to the need to study this issue from a scientific point of view.

Defining the main purpose of the article as an analysis of the provisions enshrined in the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the Constitutional Law “On the Judicial System and the Status of Judges of the Republic of Kazakhstan”, the Code of Judicial Ethics, the author considers an in-depth analysis of the concept of “non-procedural relations” to be the main task. The tasks are set to determine the organizational and legal significance of the institution of “non-procedural relations”, its place in the current legislation, to identify gaps in the moral and legal regulation of these activities and their improvement.

**Key words:** judge, extra-procedural relations, moral and legal regulation, code of judicial ethics, legislative issues.

### *Kіpіcіne*

ҚР қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодексінің 22-бабында судьялардың тәуелсіздігі туралы норманың бекітілуі олардың сот төрелегін іске асыруы жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейтіндігін және ол заң бойынша жауаптылыққа әкеліп соғатындығын қамтамсыз етті. Сонымен бірге судьялар тәуелсіздігінің кепілдігі Қазақстан Республикасының Конституциясында да көрініс тапқан.

Атап көрсетер болсақ, ҚР Конституциясының 3-бабының 4-бөлігінде Қазақстан Республикасында мемлекеттік биліктің біртұтас екендігі, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөленетіндігі, олардың тежемелік әрі тепе-

теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау қағидасына сәйкес жүзеге асырылатындығы бекітілген.

Жалпы алғанда мемлекеттік биліктің тиісті тармақтарға бөлінуі және олардың тепе-теңдік және тежемелік қағидасына негізделуі, соның негізінде мемлекеттік биліктің бір қолға шамадан тыс шоғырлануына жол бермеу идеясы өте әріден бастау алады.

Сот билігінің мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде орын алуы кез келген құқықтық және өркениетті қоғам үшін қалыпты жағдай деп танылады. Осының негізінде сот билігінің өкілдеріне ерекше міндет жүктеледі және қатардағы азаматтардың, адамдардың және қалаберді тұтастай алғандағы қоғамның өмірін басқару мүмкіндігі беріледі. Бұл, өз кезегінде, сот билігінің қазіргі замандағы кез келген қоғам үшін аса үлкен маңызға ие болатындығын және сот билігі өкілдерінен адалдықты, кіршіксіз беделді талап ететіндігін білдіреді.

Судьялардың процестік болып табылмайтын жүгінулерді шешу тәжірибесі осыған дейін сот билігі, қылмыстық-процес ғылымдары өкілдерінің арасында пәлендей қызығушылық туғызбай келгені де жасырын емес. Бұл түсінікті де, себебі аталған қызмет қылмыстық сот өндірісімен тек жанама байланысты, сондай-ақ оның жасырын сипаты соттардың өзінде арнайы эмпирикалық зерттеулерді жүзеге асырмай оны айтарлықтай деңгейде сынға алуға мүмкіндік бермейді.

Сонымен бірге кез келген «процестік емес» байланыс қылмыстық немесе өзгедей істі қараушы судьяға қысым жасаумен немесе оны сатып алуға тырысушылықпен байланысты болуы мүмкін. Бұл орын алған әлеуметтік қақтығысты әділетті және бейтарап шешуге қауіп төндіреді, осыдан кейін «процестік емес» жүгінулерді реттеудің судьялардың тәуелсіздігі қағидасына негізделген бірегей механизмін бекітудің объективті қажеттілігі туындайды.

Бұл қажеттіліктің келесі бір себебі, біздің ойымызша, өздерінің қызметтік парыздарына үнемі адал бола бермейтін жекелеген судьялардың қоғамға қауіпті әрекеттерге (сыбайлас жемқорлық, өзге де пайдакүнемдік сипаттағы) жол беруі, сондай-ақ түсініксіз себептермен іс жүргізуге қатысушылармен, олардың өкілдерімен немесе істің нәтижесіне мүдделі болып табылатын әлдебір үшінші тұлғалармен «процестік емес» байланыстарға түсуі болып табылады.

Осы тұста, «процестік емес байланыстар» деген терминмен қамтылатын, процестің жекелеген жақтары үшін де, сондай-ақ тұстай алғандағы сот билігінің беделі мен қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігі үшін де қатер төндіретін әрекеттердің соттық немесе іс жүргізушілік қызметті негізінен реттейтін нақты құқықтық актіде бекітілмеуі таң қаларлық жағдай.

Дей тұрғамен, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының VII съезінде 2016 жылғы 21 қарашада қабылданған Судья әдебі кодексінің 4-бабында «судья нақты іс бойынша іске қатысушы адамдармен, олардың өкілдерімен, өзге де мүдделі адамдармен процестік және өзге де заңнамада көзделмеген кез келген қарым-қатынас деп түсінілетін процестік емес байланыстарды, егер осы іс-әрекеттер судьяның объективтілігіне және бейтараптылығына негізделген күмәннің туындауына алып келуі мүмкін болса, болдырмауға тиіс» деген тұжырым бекітілген болатын.

2024 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасы Судьялары Одағының IX съезінде Судья әдебінің жаңа кодексі қабылданды.

Аталған Кодекстің қабылданумен бұрынғы әдеп кодексінің күші жойылды.

Жаңа кодексте процестік емес байланыстарға 3-бабының 4-тармақшасында Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар ретінде мынандай түсінік берілген – судьяның іске қатысатын адамдармен, олардың өкілдерімен және (немесе) істің нәтижесіне мүдделі басқа да адамдармен заңнамада көзделмеген байланысы (сөз байласу, әңгімелесу, хат алмасу және өзге де қарым-қатынастар).

Ғылыми мақаланы дайындау барысында жүзеге асырылған талдау жоғарыда аталған құжатта қолданылған «процестік емес байланыстар» терминін біз оншалықты негізді деп тани алмаймыз. Себебі осы аталған құжатты заңмен бекітілген тәртіпте қабылданған толыққанды нормативті құқықтық акті деп санауға негіз жоқ, шындығында бұл құжат «Қазақстан Республикасы Судьялар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігімен қабылданған және нақты заңи күшке ие бола алмайды.

«Процестік емес байланыстар» ұғымын өмірдегі, қоғамдағы жалпы қарым қатынастардан ажырата білу керек, яғни жанұялық құндылықтар мен достық қарым қатынастардан, себебі судья өз туған, өскен өлкесінде қызмет етсе, ол сол жердің тұрғындарына қатысты істерді мүлдем қарай алмауы тиіс пе?

Біздің ойымызша, ол тіптен дұрыс емес, ата бабаларымыздан мұра болып қалған «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қанатты сөздері сол заманның судьялары – билер де өз туған, өскен жеріндегі дауларды адалдық қағидатымен шешіп отырған,

Қазіргі күнде жергілікті жердің кадрларын өсірмеу, себебі процестік емес байланыстарға жол беру қауіптілігі жоғары деген пікірге біз қарсылық білдіреміз, себебі адалдық, заңдылық пен әділдікті алғышарт ретінде ұстанатын судьялар араласып жүрген достары, жақындары құқық бұзушылық жасаса, заңдылықты басшылыққа ала отырып, сот актісін қабылдайды.

Әдет ғұрып, салт дәстүрді қоғамдық қарым қатынастарда міндетті атрибут ретінде қабылдайтын, әсіресе, қазақ қоғамы үшін «процестік емес байланыстар» ұғымын күнделікті өмірдегі араластықтан ажырата білу керек.

Осыған байланысты «процестік емес байланыстар» ұғымын Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық-процестік, Азаматтық процестік, Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінде бекіту осы орайда орын алып отырған олқылықты жоюға пәрменді ықпал еткен болар еді.

#### *Материалдар мен әдістер*

Бұл ғылыми мақаланың әдістемелік негізі болып қоғамдық ғылымдарға ортақ жалпы және арнайы әдістер (диалектикалық талдау, жүйелік-құрылымдық әдіс, салыстырмалы-құқықтық және т.б.) табылады. Сондай-ақ мақаланы орындау барысында әлеуметтік құбылыстарды зерттеудің негізгі тұжырымдары, сонымен бірге құқықтық құбылыстарды зерттеулердің әдістемелік ілімдері басшылыққа алынды.

#### *Нәтижелер мен талқылау*

ҚР Конституциясының 75-бабының 1 және 2 тармақтарында «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады және сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады деп бекітілген.

Мемлекеттік органдар қызметінің негізгі мәні ретінде қарастырылатын билік бөлінісі идеясы – Платон, Аристотель және тағы басқа ежелгі заман ойшылдарымен тұжырымдалған болатын.

XVII ғасырдың ортасындағы ағылшын революциясының аса көрнекті өкілі Джон Лильберн мемлекеттік билікті заңшығарушы, атқарушы және соттық қылып бөлуге шақырған болатын және сол арқылы мемлекеттік билікті асыра пайдаланудың алдын алуға болады деп санады. Оның ойынша тек осы жағдайда ғана аталған биліктер әртүрлі органдармен және тұлғалармен жүзеге асырылып, асыра сілтеушілікке жол берілмей және мемлекеттік басқарудың мызғымастығын қамтамасыз етуге болады [1, 110 б.].

Келесі бір ағылшын ғалымы Дж. Локктың мемлекеттік биліктің бөлінісі туралы идеясын одан әрі дамыта отырып, Ұлы Француз революциясының идеологиялық тұғырын қалыптастырушылардың бірі Ш. Монтескье «Ғасырлар бойғы тәжірибеге көрсеткендей, билікке ие болған кез келген адам, оны теріс пайдалануға бейім болады және оған тиесілі шекке жеткенге дейін осы бағытты басшылыққа алады... Билікті асыра сілтеудің мүмкіндігі болмауы үшін әртүрлі биліктер бірін-бірі өзара тежеп отыруы тәртібін қалыптастыру қажет» - деп атап көрсеткен болатын [2]

Мемлекеттік билік бөлінісінің жоғарыда аталған идеясы кейіннен кез келген конституциялық-құқықтық мемлекеттің міндетті атрибуты ретінде таныла бастады.

Осының негізінде мемлекеттік-құқықтық «пәрмен» және сот билігінің беделі олардың қоғамды және мемлекетті басқарудағы рөліне айрықша маңыз береді деген тұжырым жасауға негіз береді.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 1-бабының 2-тармағында айтылғандай: сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарын, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етуі тиіс.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған Конституциялық заңның 3-бабының 1-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды».

Сот жүйесінің биліктің өзге тармақтарына ықпал ете алатындай жекелеген мүмкіндіктерге ие болып, биліктің қандай да бір тармағының билікті шамадан тыс иеленіп кетуіне кедергі келтіретін тежеме және тепе-теңдік жүйесіне енген жағдайда ғана сот билігі ретінде қызмет атқара алатындығын ескерген дұрыс.

Одан бөлек, заң шығарушылық және соттық тәжірибе өз тарихының өн бойында олардың өмір сүруі мен сот қызметін және билікті жүзеге асыруының ажырамас қағидаларын айқындады:

– судьялардың ауыстырылмайтындығы (Конституциялық заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес судьялар лауазымға заңға сәйкес сайланады немесе тағайындалады және оларға тұрақты негізде өкілеттіктер беріледі);

– судьяның тәуелсіздігі және оған заңмен кепілдік берілуі;

– судьяға ешкімнің тиіспеуі.

Сот билігінің аса маңызды элементі Конституциялық заңның 25-бабында бекітілген «судьялар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады. Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыру ісіне араласуға және судьяға қандай да болмасын ықпал етуге құқығы жоқ және мұндай әрекеттер заңмен қудаланады. Нақты істер бойынша судья қандай да бір түсінік беруге міндетті емес».

Қазіргі уақыттағы заң ғылымында соттың рөліне және соттың қоғамдағы маңызына қатысты негізінен екі пікір қалыптасқан.

Бірінші пікір бойынша, сот қылмыстылықпен күресудің құралы емес, сот мемлекеттің еркін білдіреді деген тұжырымды алға тартады.

Екінші пікір бойынша: сот бұл – азаматтық қоғамның туындысы, ал судья өзіне қоғамға қызмет ету міндетін жүктеген маман, бұл ретте судья жауапкершілігі орасан зор.

Судьяның моральдық міндеті – сот төрелігінің тұтастығын сақтау. Судьяның моральдық (өнегелік) таңдауы мынада, заңды тек формальды, механикалық түрде қолдану емес, керісінше объективті ақиқат, ар-ождан (судьяның ішкі сенімінің мәселесі) тұрғысынан қолдану. Судья қандай моральдық (өнегелік) сапаларға ие болуы керек? Судья әділеттілікті қайдан үйренуі қажет?

Судьяның тәуелсіздігі қағидасы, шын мәнінде әділетті және адал соттың ең басты талабы деуге болады. Аталған қағиданың мемлекеттің негізгі заңынан бастау алатындығы белгілі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 4-бөлігінде бекітілгендей «Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады».

В.И.Анишина атап көрсеткендей «Конституциялық-құқықтық принциптер сот билігінің өзінің мәні мен сипатын айқындайды, оның қызметін жүзеге асыру үрдісінің негізгі бастауларын бекітеді, сондай-ақ соттарды ұйымдастырудың, билік өкілі ретіндегі судьяның мәртебесі мен қызмет атқаруының идеялық-құқықтық негізі қызметін атқарады» [3].

«Сот билігінің ұйымдастырылуы мен қызмет атқаруының конституциялық қағидаларының арасынан оның жүзеге асырылуы сот төрелігінің тиімділігін айтарлықтай деңгейде қамтамасыз етуге қабілетті болып табылатын аса маңыздысын атап көрсету қажет – сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судьяға сырттан ықпал етуге жол жол бермеу. Бұл судьялардың тәуелсіздігі және олардың тек заңға ғана бағынуы принципі, бұл қағиданың қазіргі заманғы құқықтық

мемлекеттегі соттың мәртебесін айқындайтындығы ешқандай күмән туғызбайды» - деген тұжырым жасайды Ф.А. Квинциния [4].

Осы айтылғандардан кейін егер сот тәуелсіз болмаса, өзінің шешімдерін қабылдау барысында еріксіз болатын болса, оның шешімдері өзге мемлекеттік органдардың немесе істің нәтижесіне мүдделі субъектілердің ықпал етуі арқылы қабылданатын болса, онда оны кез келген әлеуметтік қақтығыста объективті төреші деп тануға негіз де болмайды.

Осы орайда абсолютті түрдегі тәуелсіздіктің, соның ішінде судьялар үшін де болмайтындығын атап көрсеткіміз келеді. Кейбір реттерде жекелеген судьялардың оларға заңмен бекітілген тәуелсіздікті қызмет мақсатында емес, өздерінің жеке мүдделеріне пайдаланатын фактілері кездесіп жатады.

Бұқаралық және тіпті кәсіби құқықтық санада да судьялардың нақты жауапсыздығы, олардың өздерінің мәртебелерін пайдакүнемдік мақсатта жиі пайдаланатындығы, судьяларды тек теріс қылық үшін ғана емес, қылмыс үшін де жауапқа тартудың шамадан тыс күрделі тетігі туралы консервативті және барынша қауіпті стереотип қалыптасқан – деп атап көрсетеді П.А. Дунюшкин. Оның ойынша, осындай стереотип халықтың судьялар корпусына деген сенімін түсіреді, сот қызметінің құндылығын шамадан тыс төмендетеді. Ол осыдан құтылу үшін бұл стереотипті еңсеру бойынша шаралар жүйесі және жүріс-тұрыстың құқыққа қайшы үлгілері үшін судьялардың заңи жауаптылығының барынша қолайлы бірегей механизмін құру қажет деп ойлайды [5].

Тәртіптік жауаптылықтың арнайы субъектісі ретіндегі судьяға қатысты алғанда, мәселе ерекше ғылыми және әлеуметтік-құқықтық маңызға ие болады, себебі сот билігінің дербес иеленушілерінің тәртіптік жауаптылығы судьялар тәуелсіздігі конституциялық принципінің аса маңызды кепілдігінің бірі ретінде орын алуы тиіс [6].

Судья адал болуы тиіс. Адалдық – өнегеліктің аса маңызды талабы. Ол өзіне шыншылдықты, принциптілікті, өз ісінің әділ екендігіне деген сенімділікті, өзінің жүріс-тұрысына қатысты өзге адамдардың және өзінің ар-ұяты алдындағы шынайылықты кірістіреді. Адалдықтың қарсы ұғымы – өтірік, екіжүзділік, сатқындық. Судьяның өзінің берген анты талап ететін міндеттерін адал орындауы судьяның адам ретіндегі адалдығын қарастырады. Сондықтан «қызметте» адал болып, судья мантиясын кимейтін күнделікті өмірде арсыз болуға болмайды.

Өзінің өмірін сот төрелігі ісіне арнаған, жауапты құзіреттерге ие болатын судья, өзінің өнегелік және рухани күштерін ең бастысы - шындыққа, әділеттілікке қызмет етуге жұмылдырады. Басқа барлық істер (жеке өмірі өрісінен тыс) екінші кезектегі маңызға ие. Қоғамдық қызмет, шығармашылық, шаруашылық мәселелерді шешу және істердің өзгедей түрлері судья үшін екінші кезекте тұрады [7].

«Сот жүйесінің ішіндегі сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар қоғам және мемлекет үшін аса үлкен қауіпті құбылыс болып табылады. Олар сот төрелігінің басты қағидаларын бұзып, сот органдарының беделіне зор нұқсан келтіреді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына деген сенімін жоғалтады және ақыр аяғында демократиялық институттардың өмір сүруінің тұрақтылығына қауіп төндіреді» - деп атап өтеді Н.А. Гущина [8].

### *Қорытынды*

Ғылыми мақаланы орындау барысында жүзеге асырылған зерттеудің нәтижесінің негізінде келесідей қорытындылар мен ұсыныстар жасауға болады:

1. «Процестік емес байланыс» ұғымына құқықтық негіз беру үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодексінің кейбір ұғымдарды түсіндіру деп аталатын 7-бабын «процестік емес қатынастар - іске қатысушы адамдармен, олардың өкілдерімен, прокурормен, қорғаушымен, нақты қылмыстық іс бойынша мүдделі болып табылатын өзге де тұлғалармен процестік немесе өзге заңнамалық актілерде көзделмеген кез келген іс-әрекеттер, егер бұл әрекеттер судьяның объективтілігі мен бейтараптығына күмән келтіреді деген негіз болғанда» деген мазмұндағы 37-1 тармақпен толықтыру қажет.

2. Процестік емес қатынастардың қоғамда орын алып отырған құбылыс екендігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңының 28-бабы 1-бөлігінің 2-тармағын «судьяның объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатындай іске қатысушы адамдармен, олардың өкілдерімен, прокурормен, қорғаушымен, нақты қылмыстық іс бойынша мүдделі болып табылатын өзге де тұлғалармен процестік немесе өзге заңнамалық актілерде көзделмеген процестік емес байланыстарға түсуі заң бойынша қудаланады» деген мәтінмен толықтырылуы тиіс.

### Авторлардың үлесі

*Алибеков С.К.* судья қызметіндегі «процестік емес байланыс» ұғымының құқықтық мазмұнын талдап, оның мәні мен ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан негіздеді. Мұндай байланыстардың сот тәуелсіздігі мен әділ сот төрелігіне әсерін зерттеді. Судьялар қызметіндегі этикалық нормалар мен құқықтық шектеулердің маңызын көрсетті. Процестік емес байланыстарды құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар ұсынды.

*Бақытжанова Г.К.* судьялардың қызметінде кездесетін процестік емес байланыстардың түрлері мен пайда болу себептерін талдады. Мұндай байланыстардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен байланысын және олардың сот жүйесіне ықпалын қарастырды. Судьялардың кәсіби этикасын сақтау және ашықтықты қамтамасыз ету мәселелеріне назар аударды. Сот жүйесінде процестік емес байланыстарды болдырмау үшін алдын алу және бақылау тетіктерін қарастырды.

Авторлар бірлесе отырып, судья қызметіндегі процестік емес байланыстардың құқықтық табиғатын зерттеп, олардың сот тәуелсіздігі мен әділдігін сақтау тұрғысынан құқықтық және этикалық реттеу тетіктерін жетілдіру қажеттігін негіздейді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Лильберн Джон. Памфлеты. Государственное социально-экономическое издательство. Москва – 1937. – 123 с.

2 Монтеस्कье Ш.Л. О духе законов. // Электрондық ресурс: <https://monreposmuseum.ru> (дата обращения: 22.01.2025).

3 Анишина В.И. Конституционные принципы как основа организации и деятельности судебной власти. // Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова. – 2006. - № 5. - С. 23-27.

4 Квинциния Ф.А. Гарантии независимости судей: автореф. дисс. ... канд. юрид. наук. Ростов-на-Дону, 2007 – 28 с.

5 Дунюшкин П.А. Становление и развитие института дисциплинарной ответственности судей: историко-правовое исследование: автореф. дисс. ... канд. юрид. наук. Нижний-Новгород, 2013 – 32 с.

6 Аулов В.К. Дисциплинарная ответственность судей: генезис, понятие и процедура: автореф. дисс. ... канд. юрид. наук. - М., 2012. – 32 с.

7 Ладыкина Т.А. Моральный выбор и ответственность в профессиональной деятельности судей. // Вестник Омского юридического института. 2011. № 4 (17), С. 52-57.

8 Гуцина Н.А. Независимость судей как предпосылка справедливого и беспристрастного правосудия. // Журнал российского права. — 2016. - № 5 - С. 151-159.

### References:

1 Lil'bern Dzhon. Pamflety. Gosudarstvennoe social'no-jekonomicheskoe izdatel'stvo. Moskva – 1937. – 123 s.

2 Montesk'e Sh.L. O duhe zakonov. // Jelektronduq resurs: <https://monreposmuseum.ru> (data obrashhenija: 22.01.2025).

3 Anishina V.I. *Konstitucionnye principy kak osnova organizacii i dejatel'nosti sudebnoj vlasti.* // *Vestnik KGU im. N.A. Nekrasova.* – 2006. - № 5. - S. 23-27.

4 Kvincinija F.A. *Garantii nezavisimosti sudej: avtoref. diss. ... kand. jurid. nauk. Rostov-na-Donu,* 2007 – 28 s.

5 Dunjushkin P.A. *Stanovlenie i razvitie instituta disciplinarnoj otvetstvennosti sudej: istoriko-pravovoe issledovanie: avtoref. diss. ... kand. jurid. nauk. Nizhnyj-Novgorod,* 2013 – 32 s.

6 Aulov V.K. *Disciplinarnaja otvetstvennost' sudej: genezis, ponjatie i procedura: avtoref. diss. ... kand. jurid. nauk. - M.,* 2012. – 32 s.

7 Ladykina T.A. *Moral'nyj vybor i otvetstvennost' v professional'noj dejatel'nosti sudej.* // *Vestnik Omskogo juridicheskogo instituta.* 2011. № 4 (17), S. 52-57.

8 Gushhina N.A. *Nezavisimost' sudej kak predposylka spravedlivogo i bespristrastnogo pravosudija.* // *Zhurnal rossijskogo prava.* — 2016. - № 5 - S. 151-159.

FTAXP 10.81.45  
ӘОЖ 343.91

<https://doi.org/10.51889/2959-6181.2026.83.1.008>

А.Б. Жумадильдинова<sup>1\*</sup>,  Н.Б. Калкаева<sup>1</sup>   
<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(e-mail: \*zhumadildinova.aruzhan@bk.ru, nesibeli77@mail.ru)

## АБАЙСЫЗДА ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

### Аңдатпа

Мақалада абайсыз қылмыскерлердің психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Зерттеулер көрсеткендей, абайсызда қылмыстық құқық бұзушылық жасағандардың қасақана қылмыс жасағандардан психологиялық ерекшеліктері бойынша түбегейлі ерекшеленетіндігі туралы айтылады. Сондай-ақ, абайсыз қылмыскерлердің бейқамдығы, әсіресе, фрустрация жағдайларына жауапкершіліксіз реакцияларымен, яғни сәтсіздіктер мен шығындар үшін кінәні өздеріне жүктеумен сипатталған кезде, қасақана қылмыскерлерге қарағанда, олардың қайғылы жағдайларда жазадан тыс реакциялармен сипатталатындығы, яғни бәріне басқаларды кінәлау үрдісімен ерекшеленетіндігі көрсетілген.

Мақалада сондай-ақ абайсыз қылмыскерлердің қобалжу деңгейінің жоғары екендігі сипатталған. Бұл қасиетке ие адамдарда өз-өзіне сенімсіздік, күйзеліс жағдайында уайымдауға бейімділік және шамадан тыс өзін-өзі бақылау байқалатындығы айтылған. Оқыс жағдайларды олардың оңай шатастыруы және ұтымды және сабырлы емес, қауіп-қатерге эмоционалды түрде жауап беретіндігі көрсетілген. Мұндай оқиғалардың төтенше жағдайларда тәртіпсіздікке және қателер санының артуына әкелетіндігі айтылған. Мақалада жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері абайсыз қылмыстық мінез-құлықтың қалыптасуының нақты механизмін анықтайды деген қорытынды жасалады, онда шешуші рөлді зиян келтіру ниеті емес, мінез-құлықтың бұзылуы және экстремалды немесе стресстік жағдайда жіберілген қателіктер атқарады.

**Түйін сөздер:** көп қырлы тұлғаны зерттеу әдістері, заңға бағынатын азамат, әділеттілік сезімі, ойланбаған теріс әрекеттер, эмоционалды жетілмегендік, инфантилизм, абайсыз қылмыскер.

Жумадильдинова А.Б.<sup>1</sup>, Калкаева Н.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(e-mail: [zhumadildinova.aruzhan@bk.ru](mailto:zhumadildinova.aruzhan@bk.ru), [nesibeli77@mail.ru](mailto:nesibeli77@mail.ru))

## КРИМИНОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЛИЧНОСТИ ПРЕСТУПНИКА НЕОСТОРОЖНОГО ПРЕСТУПЛЕНИЯ

### *Аннотация*

В статье изучаются психологические особенности личности неосторожного преступника. Проведенными исследованиями установлено, что лица, совершившие неосторожные преступления, принципиально отличаются по своим психологическим особенностям от совершивших умышленные преступления. Когда особенно для неосторожных преступников характерны интрапунитивные реакции на ситуации фрустрации, т. е. возложение вины за неудачи, потери на себя, в отличие от умышленных преступников, для которых характерны экстрапунитивные реакции в фрустрирующих ситуациях, т. е. склонность во всем винить окружающих.

Также в статье описывается, что неосторожные преступники характеризуются также высоким уровнем тревожности. Лица, отличающиеся таким свойством, обнаруживают неуверенность в себе, склонность к волнениям при стрессе и избыточный самоконтроль. В экстремальных ситуациях они легко теряются и склонны к эмоциональной, а не рациональной, спокойной реакции на угрозы. Все это приводит к дезорганизованному поведению в аварийной ситуации, увеличению количества ошибок. В статье сделан вывод о том, что психологические особенности личности обуславливают специфический механизм формирования неосторожного преступного поведения, при котором решающую роль играет не намерение причинить вред, а дезорганизация поведения и ошибки в экстремальной или стрессовой ситуации.

**Ключевые слова:** методики многостороннего исследования личности, законопослушный гражданин, правосознание, необдуманные поступки, эмоциональная незрелость, инфантилизм, неосторожный преступник.

*A.B. Zhumadildinova<sup>1</sup>, N.B. Kalkayeva<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University*  
(e-mail: [zhumadildinova.aruzhan@bk.ru](mailto:zhumadildinova.aruzhan@bk.ru), [nesibeli77@mail.ru](mailto:nesibeli77@mail.ru))

## CRIMINOLOGICAL CHARACTERISTICS OF THE PERSONALITY OF THE CRIMINAL OF A NEGLIGENT CRIME

### *Abstract*

This article examines the psychological characteristics of reckless criminals. Research has shown that those who commit reckless crimes differ fundamentally in their psychological characteristics from those who commit intentional crimes. When careless criminals are especially characterized by intrapunitive reactions to situations of frustration, i.e. placing the blame for failures and losses on themselves, in contrast to deliberate criminals, who are characterized by extrapunitive reactions in frustrating situations, i.e. a tendency to blame others for everything.

The article also describes how reckless criminals are also characterized by high levels of anxiety. Individuals with this trait exhibit a lack of self-confidence, a tendency to worry under stress, and excessive self-control. In extreme situations, they easily become confused and tend to react emotionally to threats rather than rationally and calmly. This leads to disorganized behavior in emergency situations and an increased number of errors. The article concludes that psychological characteristics of an individual determine a specific mechanism for the formation of reckless criminal behavior, in which the

decisive role is played not by the intention to cause harm, but by the disorganization of behavior and errors in an extreme or stressful situation.

**Keywords:** methods of multifaceted personality research, law-abiding citizen, sense of justice, rash actions, emotional immaturity, infantilism, careless criminal.

### *Kipicne*

Қазіргі қоғамда қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымында абайсызда жасалатын қылмыстар маңызды орын алады. Мұндай құқық бұзушылықтар көбінесе адамның кәсіби қызметі барысында немесе тұрмыстық жағдайда қауіпсіздік ережелерін сақтамау, немқұрайдылық, жауапсыздық және жеткіліксіз тәжірибе салдарынан туындайды. Ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы, өндірістік процестердің күрделенуі, көлік құралдары мен түрлі техникалық құрылғылардың кеңінен қолданылуы абайсызда жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігін арттырып отыр. Сондықтан мұндай қылмыстардың алдын алу және олардың себептерін анықтау қазіргі криминология мен қылмыстық құқық ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Криминология ғылымында қылмыскер тұлғасын зерттеу қылмыстың себептері мен жағдайларын анықтаудың, сондай-ақ оларды болдырмаудың тиімді шараларын әзірлеудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Абайсыз қылмыс жасаған тұлғаның мінез-құлқы көбінесе жауапсыздық, қауіпсіздік талаптарын елемеу, тәуекелге бейімділік, сондай-ақ өз әрекеттерінің салдарын жеткілікті дәрежеде бағаламау сияқты қасиеттермен сипатталады. Мұндай ерекшеліктерді талдау қылмыстық мінез-құлықтың алдын алу жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты болып абайсызда қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаның криминологиялық сипаттамасын анықтау, оның негізгі әлеуметтік-демографиялық және моральдық-психологиялық ерекшеліктерін талдау, сондай-ақ мұндай құқық бұзушылықтардың алдын алу бағыттарын айқындау. Сондықтан, абайсыз қылмыскер тұлғасының белгілерін зерттеу, олардың қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау және статистикалық деректер негізінде олардың ерекшеліктерін талдау көзделеді.

### *Материалдар мен әдістер*

Мақалада абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар және оларды жасағаны үшін жауапкершілік туралы қылмыстық-құқықтық нормалар, осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминологиялық сипаттамалары және олармен күресу шаралары, нормативтік құқықтық актілер, сот шешімдері, абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелеріне қатысты құқықтық және басқа да арнайы әдебиеттер пайдаланылды.

Зерттеудің дереккөздері ретінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтері, әлеуметтік зерттеулер мен сауалнама нәтижелері алынды.

Зерттеу барысында талдау және синтез, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, жүйелік және статистикалық әдістер қолданылды. Бұл әдістер абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептері мен ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың алдын алу мәселелерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

### *Нәтижелер және талқылау*

Криминологияда қылмыскер тұлғасының маңызы зор. Оны зерттеудің мақсаты қылмыстық мінез-құлықтың алдын алу және қылмыстық мінез-құлықтың қайталануының алдын алу мақсатында қылмыстық мінез-құлықты тудыратын мінез-құлық ерекшеліктері мен тұлғалық қасиеттерді анықтау және бағалау болып табылады.

Қылмыскер қылмыс жасағанда қылмыскердің криминологиялық белгілері бірінші кезектегі мәнге ие және сондықтан алдын алу шараларының нысаны болып табылады.

Бірақ бұл сыртқы әлеуметтік факторларды елемей керек дегенді білдірмейді. Олар қылмыскердің жеке басының қалыптасуына белгілі әсер етеді және белгілі бір дәрежеде қылмыс жасауға ықпал етеді. Осы себепті қылмыс жасауды жеке тұлға мен нақты өмірлік жағдайдың қарапайым әрекеттесуінің нәтижесі ретінде ғана емес, сонымен қатар жеке адамның криминогендік сипаты мен ситуациялық факторлардың өзара әрекетінің нәтижесі ретінде де қарастырған жөн.

